

«Жыланбұзған» жалпы білім беретін мектеп» КММ
ұйымдастырушы педагогтың 2025-2026 оқу жылындағы
атқарылған жұмыстарының жарты жылдық есебі

2025-2026 оқу жылы

«Жыланбұзған» жалпы білім беретін мектеп» КММ
Жылдық есеп 2025-2026ж

Жыланбұзған жалпы білім беретін мектебінде 2025-2026 оқу жылы 1-қыркүйек күні «Мектеп-мейірім мекені!» атты салтанатты мерекелік жиын өткізілді. Мерекеге байланысты мектеп ауласына безендіру жұмыстары жүргізілді.

Мерекелік жиын 2025 жыл 1 қыркүйек күні сағат 9.00-де басталды. Оқушылар сапқа тұрғызылып 1-сынып оқушылары ортаға салтанатты түрде мұғалімдерімен бірге шақырылды. Мемлекеттік Гимн орындалды. Мектеп директоры К.Алтаева салтанатты жиынды ашып, ұстаздар мен оқушыларды құттықтады.

1-11 сынып оқушылары дайындаған бағдарлама көрсетілді. Мектеп оқушылары дайындаған концерттік бағдарлама көрсетілді. Зейнеткер мұғалімдер құттықтады.

Алғашқы қоңырауды соғу рәсімі өткізіліп, 1-сынып оқушылары салтанатты түрде өз сыныптарына кіргізілді.



2025-2026 оқу жылының қыркүйек айында көгалдандыру жұмыстары өткізілді. Әр аптада мектеп айналасындағы күл-қоқысты жинау, санитарлық тазалау, арық-атыздарды қоқыстардан тазалау жұмыстары жүргізілді. Көктемде отырғызылған көшеттер мен ағаштарды аман сақтап қалу мақсатында өз уақытында суару, күту, баптау шаралары жүргізілді. Көктемде егілген көшеттердің есебі жүргізілді. Қысқы мезгілдің жақындауына байланысты көшелер, алаңдар, су арналары қоқыстан тазартылып, көзі ашылды. Мектеп алдындағы гүлзарға күздік тазалық жұмыстары жүргізілді.



2025-2026 оқу жылы 4 қазан күні Мұғалімдерге арналған «Мұғалім мектептің жүрегі» атты мерекелік шара өткізілді. Мақсаты: мұғалімдерді кәсіби мерекесімен құттықтау. Мектептің акт залына мерекеге орай безендіру жұмыстары жүргізілді. Оқушылар ұстаздарға арнап қабырға газеттерін, ашық хаттар жасады.



Мерекелік бағдарламаны 11 сынып оқушылары жүргізді. 11 сынып оқушылары «Ұстазым» әнін орындады. 1 сынып оқушылары «Ұстаздарға мың алғыс» атты такпақтарын мәнермен айтты. 8 сынып оқушылары би биледі. Мектепке мерекеге арнайы шақырылған зейнеткер ұстаздарға мектеп ұстаздары мен оқушылары атынан гүл шоқтары тапсырылды. Мектеп директоры жетістікке жеткен бір неше ұстаздарды марапаттады. Мерекелік бағдарлама ұстаздардың көңілінен шыққанын айтты.

2025-2026 оқу жылы қыркүйек айында Қарттар күніне орай «Қарттарым – асыл қазынам» атты кездесу шарасы өткізілді. Мақсаты: 1-қазан Қарттар күніне орай қарттарды құттықтау, қамқорлық көрсету, адамгершілік пен мейірімділікке тәрбиелеу. Аға тәлімгер А.Урманшиков, ҰП М.Адилов ұйымдастырды.

Қазан айының 1 жұлдызы күні 7-11 сынып оқушылармен аға тәлімгер ұйымдастыруымен «Қарттарым, аман-сау жүрші!» тақырыбында акция өткізілді. Мақсаты: 1-қазан Қарттар күніне орай елді мекендегі қарттарды құттықтау, камкорлық көрсету, адамгершілік пен мейірімділікке тәрбиелеу. 6-11 сынып оқушылары тыл ардагерлер үйлеріне барып, Қарттар күнімен құттықтап, үй шаруасына көмектесіп, сұхбаттасып, қариялардың өнегелі әңгімелерін тыңдады. Қарияларға ән айтып, өлеңдер оқып, өз өнерлерін көрсетіп, қариялардың батасын алды.



2025-2026 оқу жылының 27 қыркүйек күні мектепте «Күзгі жәрменке» ұйымдастырылды. Оқушылар өз қолдарымен жасаған заттардан көрме дайындады, қазылар алқасы бағалады.



Апта барысында 11, 9 «А», сыныптардың ұйымдастыруымен «Ұлттық ойын – ұлт қазынасы» тақырыбында үлкен үзіліс кезінде, білім алушылардың бос уақытын ойын түрінде ұйымдастыру мақсатында асық, тоғызқұмалақ, бес тас, ләңгі тебу, шахмат ойынынан жарыстар өткізіліп, үздік ойыншылар анықталды.



Мектепшілік буллинг пен кибербуллингке қарсы акциялар белсенді түрде өтті. Оқушыларға құрдастарымен дұрыс қарым-қатынас орнату, өзара сыйластық, түсіністік туралы түсіндіру жұмыстары жүргізілді. «ДосболLIKE», «Буллингтен қорған!» секілді жобалар осы бағыттағы жұмыс тиімділігін арттырды.



«Өмірге салауатты қадам» жобасы аясында дұрыс тамақтану, зиянды әдеттердің зияны, спорттық өмір салты туралы дәрістер, тренингтер ұйымдастырылды. Спорттық жарыстар мен денсаулық күндері өткізіліп, оқушылардың белсенді өмір сүру дағдылары қалыптасты.



Ұйымдастырушы педагог:

A stylized handwritten signature in blue ink, likely belonging to M. Adilov.

М.Адилов